

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024

№ 44

Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл жөніндегі
уәкілді тағайындау туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2020 жылғы 26 тамыз күнгі № 5-3497 хаты негізінде және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын-алу мақсатында

Бұйырамын:

Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Габитова Венера Султанбековна сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі болып тағайындалсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Шакенова

Габитова В.

Таныстым:
Габитова В.



«Бекітемін»
Директор  К. Шакенова
2024ж

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын негізге ала отырып Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ-да 2024- 2025 оқу жылына арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс шаралар» жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар жоспары	Мерзімі	Жауаптылар
	Мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыстар		
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын басшылыққа ала отырып мектеп мұғалімдерімен жиналыс өткізу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбы аясында барлық сыныптарда сынып сағаттарын өткізу	Жыл бойы	Сынып жетекшілер
3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы бірлестіктің жұмыс жоспарына тақырыпшалар енгізу, сол бойынша жұмыстар жүргізу	Қыркүйек Жыл көлемінде	Бірлестік жетекшілері
4	Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесе отырып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы аясында жұмыстар жүргізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
5	9 желтоқсан «Халықаралық жемқорлықпен күрес» күніне орай мектеп ұжымымен сыныптан тыс ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу	Желтоқсан	Сынып жетекшілер
6	Мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті оқытуды ұйымдастыру	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі
7	«Сыбайлас жемқорлыққа біз қарсымыз» тақырыбы аясында мектепте дөңгелек үстелдер, ашық пікір-сайыс сабақтарын өткізу	Ақпан	Сынып жетекшілер
8	Жүргізілген жұмыстарды қорытындылау, талдау	Жыл соңында	
	Оқушылармен жүргізілетін жұмыстар		
9	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңмен таныстыру жұмыстары. Түсіндірме сағаты	Қыркүйек	Бақытов Б
10	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» Жоғарғы буын оқушыларымен құқық бұрышын ұйымдастыру	Қазан	Кибашева Д Мұратов Қ

	Сурет көрмесі		
11	«Жемқорлық індет, жою міндет» Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары. Инспектормен кездесу	Қараша	Утеулиева К
12	«Таза сессия» акциясын ұйымдастыру «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» құзырлы орган қызметкерлерімен кездесу; «Біз жемқорлыққа қарсымыз» кураторлық сағат; «Жемқорлыққа жол!» студенттерден сауалнама алу («Саналы ұрпақ» жобасы) Әлеуметтік желілерде жариялау.	Желтоқсан	Смағұл А
13	«Сен және Заң» тәрбие сағаты («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Ақпан	Мамбеткулова Т
14	Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті. Инспектормен кездесу	Наурыз	Бақытов Б
15	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорларымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» дөңгелек үстел өткізу	Сәуір	Сансызбаев А Смағұл А
16	Жасалған жұмыстарды қорытындылау	Мамыр	Ғабитова В.С
	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар		
17	Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» заңынан үзінділер енгізу	Қыркүйек	Ата-аналар комитеті
18	9 желтоқсан «Жемқорлыққа қарсы күрес» күніне орай ата-аналармен дөңгелек үстел өткізу	Желтоқсан	Сынып жетекшілер
19	Құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен оқушылардың кездесулерін ұйымдастыру	Сәуір	Ата-аналар комитеті
20	Ата-аналармен жиналыс пікір-сайыс сабағын өткізе отырып сыбайластық жөнінде жеке сұрақтар қойып, пікірлер алмасу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
21	Атқарылған жұмыстардың қорытынды мәліметін аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне тапсыру	Мамыр	Мектеп әкімшілігі

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары

Габитова В.С

Бекітемін

Мектеп директоры



Г.К.Шакенова

**2023-2024 оқу жылында жүргізілетін
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Нормативтік және құқықтық негізді бекіту	Қыркүйек	ДТІЖО
2	Сенім жәшігі мен Call-орталық мәліметтерін орналастыру	Қыркүйек	ДТІЖО
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң баптарын басшылыққа алу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО
4	Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым және түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО, Тәрбиешілер
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиналыстар ұйымдастыру (қоғам өкілдерімен)	Тоқсанына 1 рет	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО
6	Заң талаптарын мектеп ұжымына және оқушыларға түсіндіру	Қазан	ДТІЖО, құқық пәнінің мұғалімі
7	Әдеп кодексі және мінез-құлық стандарттарын насихаттау	Жыл бойы	ДТІЖО
8	«Қылмыссыз балалық шақ» апталығы («Құқықтық сана – қоғамға пана» жобасы аясында)	Тоқсан сайын	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, тәлімгер, психолог
9	Сынып сағаттары: құқық бұзушылық пен жемқорлықтың алдын алу	Жоспарға сәйкес	Тәрбиешілер
10	«Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыбындағы тәрбие сағаты	Желтоқсан	Тәрбиешілер
11	«Жемқорлық індет – жою міндет» пікірсайыс	Қаңтар	Тәрбиешілер
12	«Жемқорлықсыз – қоғам сенімді жол» дөңгелек үстел	Ақпан	Тәрбиешілер
13	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» сынып сағаты	Наурыз	Тәрбиешілер
14	«Бала кезден – адалдыққа!» сынып сағаты	Сәуір	Тәрбиешілер
15	«Жемқорлықсыз әлем» сурет көрмесі	Мамыр	ДТІЖО, көркемөнер жетекшілері
16	Алдын алу шаралары бойынша есеп тапсыру	Ай сайын, мамырда қорытынды	ДТІЖО, мектеп әкімшілігі

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары

В.С.Габитова

**Жоғары сынып және колледж оқушыларына
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы
ҚР заңымен таныстыру жұмыстары»
тақырыбында өткізілген түсіндірме сағаты туралы**

Мәлімдеме

16.09.2024ж. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңын басшылыққа ала отырып мектеп мұғалімдерімен жиналыс өткізілді, түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Мақсаты: жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру және қылмыстық істердің адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне зардаптары туралы түсіндіру және қоғамға жат мінез-құлықтардан сақтандыру. Барлық оқушыларға "сыбайлас жемқорлық" жайлы таным жұмыстарын жүргізу міндетелді.

Жауапты: Утеулиева К.Ж



**«Жемқорлықсыз қоғам» тақырыбында
жоғары сынып және колледж студенттерімен
өткізілген сурет көрмесі туралы**

Мәлімдеме


24.10.2024 жылы жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттерінің қатысуымен **"Жемқорлықсыз қоғам"** тақырыбында сурет көрмесі өтті. Іс-шараның мақсаты – жастар арасында адалдық пен әділеттілік қағидаттарын насихаттап, жемқорлықтың қоғамға тигізетін зиянын көрсету.

Көрме барысында қатысушылар өз туындылары арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерді шығармашылық тұрғыдан жеткізуге тырысты. Әрбір жұмыс жемқорлықтың әртүрлі қырларын ашып, оның алдын алу мен жою жолдары туралы ой салды.

Іс-шараға қатысқан оқушылар мен студенттерге адалдық, жауапкершілік және әлеуметтік әділеттілік туралы маңызды ақпарат берілді. Көрме барысында қатысушылар жемқорлықсыз қоғамның бейнесін қысқаламмен ұштастырып, өз ойларын сурет арқылы шебер жеткізе білді.

Бұл көрме – жастарды жемқорлыққа қарсы күреске тарту және олардың құқықтық мәдениетін арттыру бағытындағы маңызды қадам. Осындай бастамалар болашақта әділетті және жемқорлықсыз қоғам құруға үлкен үлес қосады деп сенеміз.

Мұратов Қ.М




**Жоғары сынып және колледж оқушыларына
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы
ҚР заңымен таныстыру жұмыстары»
тақырыбында өткізілген түсіндірме сағаты туралы**

Мәлімдеме

25.09.2024ж жоғары буын оқушылары және колледж студенттеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ҚР заңымен таныстыру жұмыстары бойынша түсіндірме сағаты өткізілді. Түсіндірме сағаты барысында оқушыларға презентация мен видеороликтер көрсетілді. Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру және қылмыстық істердің адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне зардаптары туралы түсіндіру және қоғамға жат мінез-құлықтардан сақтандыру.

«Бақытов Б.Б»



**Жоғары сынып және колледж оқушыларына
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы
ҚР заңымен таныстыру жұмыстары»
тақырыбында өткізілген түсіндірме сағаты туралы**

Мәлімдеме

20.11.2024ж жоғары буын оқушылары және колледж студенттеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы ҚР заңымен таныстыру жұмыстары бойынша “Жемқорлық індет жою міндет” тақырыбында түсіндірме сағаты өткізілді. Түсіндірме сағаты барысында оқушыларға презентация мен видеороликтер көрсетілді және мектеп Динманов Қ.У мектеп инспекторы тақырып бойынша түсіндірме сағатын өткізді. Мақсаты: жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру және қылмыстық істердің адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне зардаптары туралы түсіндіру және қоғамға жат мінез-құлықтардан сақтандыру.

Жауапты: Утеулиева К.Ж



**Жоғары сынып және колледж оқушыларына
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы
ҚР заңымен таныстыру жұмыстары»
тақырыбында өткізілген түсіндірме сағаты туралы**

Мәлімдеме

18.11.2024ж. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" мектеп әкімшілігі сыбайлас жемқорлық тақырыбында түсіндірме сағаты мен міндеттеме сағаттарын өткізді. Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру және қылмыстық істердің адам өміріне тигізер әсері, келешек өмірлеріне зардаптары туралы түсіндіру және қоғамға жат мінез-құлықтардан сақтандыру. Барлық ұстаздарға жыл бойы "сыбайлас жемқорлық" жайлы таным жұмыстарын жүргізу міндетелді.

Жауапты: Утеулиева К.Ж



«Жемқорлықсыз қоғам» тақырыбында
жоғары сынып және колледж студенттерімен
өткізілген сурет көрмесі туралы

Мәлімдеме

20.02.2025 жылы жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттерінің қатысуымен “Сен және заң” мәлімдемесі адамның құқықтары мен міндеттерін, заң алдындағы жауапкершілігін және құқықтық мәдениетін сипаттайтын тұжырым. Бұл мәлімдеме әрбір азаматтың заңды білуі, оған бағынуы және өз құқықтарын қорғауы қажеттігін білдіреді. Сен және заң тақырыбында студенттер арасында ұшқыр ой алаңы өткізілді ол байынша вебинар сұрақтары беріледі. Студенттер арасында сен және заң тақырыбы талқыланып ақпарат берілді.

Жауапты: Мамбеткулова.Т



SABDA

Мәлімдеме

Тақырыбы: «Таза сессия»

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зиянын түсіндіру. Оқушылар мен студенттер арасында адалдық пен әділдік қағидаларын насихаттау. Білім беру жүйесінде тазалық пен әділдікке қол жеткізу.

2024 жылы Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешенінде колледж студенттер үшін желтоқсан айы бойы өтетін емтихандар үшін «Таза сессия» акциясы ұйымдастырылды.

«Таза сессия» акциясы — білім беру ұйымдарында, оның ішінде колледждерде, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және академиялық адалдықты нығайту мақсатында ұйымдастырылатын шара. Бұл акция студенттерді емтихан және сессия кезеңдерінде парақорлықтан аулақ болуға, өз білімдеріне ғана сүйенуге шақырады.

Акцияның негізгі мақсаттары:

- Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.
- Академиялық адалдық қағидаттарын насихаттау.
- Білім беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Ұйымдастырылған іс - шара :

- Емтихан кезеңінде бақылауды күшейту және әділ бағалау жүйесін қамтамасыз ету.
- Сенім жәшіктері мен «ыстық желі» телефондары арқылы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау мүмкіндігін ұсыну.

Бұл акциялар студенттердің бойында адалдық пен әділдік құндылықтарын нығайтуға, сондай-ақ білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталды.



Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың хаттамасы

№ 1 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Өткізілген күні: 15.05.2025 жыл

Төрағасы: Г.К. Шакенова

Хатшы: Шагатева. Г

Қатысқандар: 155 адам

Қатыспағаны: 11 адам

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасын және Әдеп кодексінің жобасын қарау.
2. «Жемқорлықсыз жол: сенімді жол» баяндама
Жауапты: директор Г.К. Шакенова
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»
Жауапты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.В. Султанбековна
4. «Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері»

Тыңдалды: Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» директоры Г.К.Шакенова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасы» Қазақстан Республикасының Заңымен жиналғандардың бәрін таныстырған бөбекжай-бақша директоры, бұл Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын басқа да адамдардың тиімді жұмысын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлер. Мен осы Заңның демократиялық принциптерді кеңейтуге, мемлекеттік органдардағы ашықтық пен бақылауға бағытталғандығына назар аудардым. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары атап өтілді: заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді.

Сөз алды: Директор Г.К. Шакенова «Жемқорлықсыз жол: сенімді жол» атты тақырыпта баяндама оқыды.

Тыңдалды: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Қобылаш - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- қаржылық бақылауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды. Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

Сөз алды: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары В.Сұлтанбековна сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.

2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.

3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

В.Сұлтанбековна бүгінгі тақырып негізінде, сөзімді «Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі» деп қорытындылады.

Шешімі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүйелі өткізілсін.

Орындау мерзімі: әр ай сайын.

Қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы тәрбие сабақтары өткізілсін.

Жауапты: Габитова В.С

Төраға: *М.Ш.* Шакенова Г.К





Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың хаттамасы

№ 2 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Өткізілген күні: 15.05.2025 жыл

Төрағасы: Г.К. Шакенова

Хатшы: Шагатева, Г

Қатысқандар: 155 адам

Қатыспағаны: 11 адам

Күн тәртібі

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңымен таныстыру.
Түсіндірме сағатын өткізді: мекеме директоры Г.К. Шакенова

2. «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбындағы құқықтық бұрыш
ұйымдастыру. Жоғарғы буын оқушыларының қатысуымен. Мақсаты:
құқықтық мәдениетті арттыру, жастардың азаматтық ұстанымын
қалыптастыру. Жауапты: Г.В. Сұлтанбековна, тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.

3. «Таза сессия» акциясын ұйымдастыру. Акция аясында әділ және таза білім
беру үрдісін қолдау шаралары өтті. Студенттер арасында сауалнама
жүргізілді, адалдық кодексі таныстырылды. Жауапты: Г.В. Сұлтанбековна.

1. **Тыңдалды:** Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж»
директоры Г.К.Шакенова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен жиналғандардың бәрін
таныстырған бұл Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын
қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз
етуге бағытталған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен
мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын басқа да адамдардың
тиімді жұмысын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлық
көріністерінен туындайтын қатерлер. Мен осы Заңның демократиялық
принциптерді кеңейтуге, мемлекеттік органдардағы ашықтық пен
бақылауға бағытталғандығына назар аудардым. Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары атап өтілді: заң мен
сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз
ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз
құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін
хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық

бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді.

2. **Сөз алды:** Директор Г.К. Шакенова « Жемқорлықсыз қоғамға қадам» атты тақырыпта баяндама оқыды.

Тыңдалды: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Қобылаш - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- қаржылық бақылауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды. Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

Сөз алды: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары В.Сұлтанбековна сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру,оның алдын алу көріністерін азайту.

2.Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.

3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

В.Габитоваға бүгінгі тақырып негізінде,сөзімді « Жемқорлықсыз қоғам-
нұрлы болашақ кепілі» деп қорытындылады.

Шешімі: Сыйбайлас тәрбие сабақтары мен құқықтық ақпараттандыру іс-
шаралары өткізілсін.

Әр сайын тәрбие сабақтары мен құқықтық ақпараттандыру іс – шаралары
өткізілсін.

Қаулы етті:


- 1.Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын.
2. «Таза сессия» және құқықтық бұрыш жұмысы тұрақты жүргізілсін.

Жауапты: Габитова В.С

Төраға:



Шакенова Г.К



2024–2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар есебі

Қыркүйек айында білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңы таныстырылып, түсіндірме сағаты өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның қоғамға тигізетін кері әсері және заң аясында қандай жаза қолданылатыны туралы толық ақпарат берілді. Заңды білу — әр азаматтың борышы екені ерекше атап өтілді. Қазан айында жоғары буын оқушыларымен «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сонымен қатар, білім беру мекемесінің ішінде құқықтық ақпарат бұрышы жасақталып, оқушылар мен ұстаздарға қолжетімді етілді. Оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сурет көрмесі өткізіліп, ең үздік жұмыстар марапатталды. Бұл шаралар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, әділдік пен адалдық қағидаттарын ұғынуға сеп болды. Қараша айында оқушылармен «Жемқорлық — індет, жою — міндет!» атты тақырыпта тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен оның алдын алу жолдары кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, құқық қорғау саласының инспекторымен кездесу ұйымдастырылып, оқушылар нақты мысалдар арқылы сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны туралы құнды мәліметтер алды. Желтоқсан айында білім беру ұйымында емтихан кезеңіне байланысты «Таза сессия» атты акция өткізілді. Бұл шараның мақсаты — әділ бағалау мен ашықтықты қамтамасыз ету. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құзырлы орган өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып, болашақ мамандар арасында парасаттылық пен заңға құрмет сезімін қалыптастыруға баса мән берілді. Қатысушылар көкейлеріндегі сұрақтарға нақты жауаптар алып, жемқорлықсыз болашақ құрудың маңызын түсінді. Ақпан айында «Сен және Заң» атты тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шара «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында ұйымдастырылып, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге бағытталды. Оқушылармен интерактивті сұрақ-жауап, пікірталас ұйымдастырылып, заң алдындағы жауапкершілікке ерекше назар аударылды.

«Сыбайлас жемқорлық — қоғам дерті» тақырыбында кездесу. Инспектормен кездесу

Мәлімдеме: Наурыз айында «Сыбайлас жемқорлық — қоғам дерті» тақырыбында ашық кездесу өтті. Кездесуге арнайы шақырылған инспектор оқушылармен жемқорлықтың алдын алу жолдары, шынайы өмірден алынған мысалдармен бөлісті. Іс-шара аясында оқушылар өз ой-пікірлерін ашық айтып, белсенділік танытты. Сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру басты назарда болды.

Іс-шаралар атауы: «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты дөңгелек үстел. Сәуір айында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кездесу барысында білім беру саласындағы адалдық қағидаттарын сақтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және ашықтықты қамтамасыз ету жолдары талқыланды. Тараптар сыбайлас жемқорлықпен күресте бірігіп әрекет етудің маңыздылығын атап өтті.